

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Шетелдік эмитенттердің басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберу ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 205 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған облигацияларын және халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберу тәртібі туралы" 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 93 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 393 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 6 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2032. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.*

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2005 жылғы 26 наурыздағы
N 117 қаулысына Қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының

аумағында айналысқа жіберілетін басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарына рұқсат беру Ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3-маусымдағы N 205 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 23-қыркүйектегі N 393 қаулысы және Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының облигацияларын және халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес айналысқа жіберуге рұқсат беру тәртібі туралы" 2001 жылғы 11-қаңтардағы N 93 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2032 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 18-қараша-1-желтоқсанда жарияланған, N 24).

Қазақстан Республикасының эмиссиялық бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жетілдіру және бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1 . < * >

Ескерту:1-тармақтың күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысы мен.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізіледі.

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған облигацияларын және халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберу тәртібі туралы" 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 93 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ